

ТУЫСҚАНДАС ХАЛЫҚТЫҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ТАБЫСЫ



*Кеңес және өзбек опера әншісі, актриса –
Халима Насырова*

Өзбектің мемлекеттік музыка театрының тамаша спектаклі – «Гүлсара» маған өте терең әсер етті.

«Гүлсараның» тақырыбы – әйелдің өзінің азаттығы үшін күресуі. Ол қазақ халқына жақын және түсінікті тақырып. Бұл өте әсерлі тақырыпты өзбектің музыка театры аса

жақсы көрсете алған.

Театрдың бүкіл коллективі өте жақсы ойнады. Бірақ мен Өзбекстанның еңбек сіңірген артисткасы Халима Насырованы ерекше атап өткім келеді.

Ол өте нәзік және сүйкімді образ жасай алған. Халима Насырова – драманың тамаша артисткасы және тамаша әнші. Оның ойыны халыққа ұнады.

Мукаррам Тұрғынбаева – тамаша биші. Ол өзінің тамаша биімен, дене қозғалысының әдемілігімен театрдағы халықты қатты әсерлендірді.

Туысқан өзбек халқының көркемөнер қызметшілерінің творчестволық табысына өзбектің мемлекеттік музыка театрының бүкіл коллективімен бірге қуанамын.

Мұнан былай да күшті жігермен жұмыс істеп, Совет көркемөнерін гүлдендіру майданында жаңа табыстарға жетейік!

*Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. –
Алматы : Өнер, 2012. – 15 б. – (Мертойлық әдебиет).*